| Музыка                                 | 3      |
| Дене шынықтыру                         | 0      |
| АҚТ                                    | 10     |

| 4-сынып (қазақ тілінде) | күніне |
|-------------------------|--------|
| Математика              | 20     |
| Орыс тілі               | 21     |
| Ағылшын тілі            | 15     |
| Әдебиеттік оқу          | 20     |
| Қазақ тілі              | 18     |

|                                        |   |
|----------------------------------------|---|
| Дүниетану                              | 9 |
| Өзін-өзі тану                          | 5 |
| Көркем еңбек/Бейнелеу өнері/Технология | 5 |
| Жаратылыстану                          | 8 |
| Музыка                                 | 3 |
| Дене шынықтыру                         | 0 |
| АҚТ                                    | 8 |

**Қорытынды:** Пән мұғалімдері үй тапсырмаларын жүйелі түрде саралайды, үй тапсырмасын тексеру үшін компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін пайдаланады. Пән мұғалімдері ауызша пәндер бойынша үй тапсырмаларын орындауға назар аударады. Шығармашылық тапсырмалар, мүмкін болса, бірнеше күнге беріледі және келесі күні олардың нақты орындалуын пән мұғалімдері талап етпейді. Жазбаша үй жұмысының көлемі сыныпта орындалған жұмыс көлемінің үшінші бөлігінен аспайды. Міндетті түрде үй тапсырмасы, оның көлемінің мөлшері сараланған. Мұғалімдер үй тапсырмасы мазмұнының сабақ мазмұнына қатынасы мен сәйкестігіне, жеке ерекшеліктер мен медициналық көрсеткіштерді ескере отырып, үй тапсырмаларының оңтайлы көлеміне, үй тапсырмалары көлемінің уақыт шығындарының сәйкестігіне барынша назар аударады. Сынып жетекшілері ата-аналар жиналыстарында Санпиннің нормаларымен, үй тапсырмасын орындауға арналған кеңестермен, үлгілі режиммен тоқсан сайын жоспар бойынша өтікізілетін ата-ана жиналысында таныстырып отырады.

*4.3.Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге және ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру 2023 – 2024ж.ж, 2024 – 2025ж.ж, 2025-2026 ж.ж. оқу жылы*

**Мектептің тәрбие жұмысының мақсаты:** Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

**Міндеттері:**Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар-ұждан намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге,салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1.Ата –анасын сыйлайды,перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды,отбасы мен берекесін қадірлейді.

2.Отаншыл,мемлекетшіл,намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрлерді біледі оны сақтайды

3.Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі,ар ұятты жоғары бағалайды.

4.Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.

5.Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Тәрбие жұмыстары сынып жетекшілер бірлестігінің, «Жас Қыран» балалар ұйымының жұмысы, педагог-психологтың жұмысы, сынып жетекшілер және үйірме сабақтары арқылы жүзеге асады. Тәрбие жұмысы отбасы, мектеп, қоғам тығыз байланыста болып жүргізген жағдайда ғана сапалы болмақ.

Тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асырудағы аймақтық деңгейде қабылданған нормативті құжаттармен қатар ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасынан туындайтын мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, жұмыс жасаудағы тәрбие жұмысының басым бағыттарымен жүргізіледі.

**2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алынды:**


ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

ТАЛАП

АР ҰЯТ



Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылды.



2023-2024 оқу жылында мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылды. Барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, дөңгелек үстел, әңгіме, кездесу, үйірме және саяхаттар т.б. негізінде жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысының 2023-2024 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

Барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, дөңгелек үстел, әңгіме, кездесу, үйірме және ашық тәрбие сағаттары негізінде жүзеге асырылды. Мектеп құндылықтарын насихаттауға бағытталған мектепшілік шаралар да ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары және атқарылғын іс-шаралардың қорытынды талдауы мектептің <https://eraibi.edu.kz> ресми сайтына жүктелген.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** 2023жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру

жөніндегі кешенді жоспарына сәйкес келеді.

**2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмысының мазмұны:** «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізгі құндылықтары:



Мектептің тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылды. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтыды.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез- құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастырып дағдыландыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.

Апта сайын «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта оқушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындап отырды.

«Апта дәйексөздері» – мектептің оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, сынып тақталарында және т.б. орналастырылды.

«Қауіпсіздік сабағы» – әр сынып сағатының соңында жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, оқушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлықын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізілді.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – жұма күндері үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар ұйымдастырылды.

Әлеуметтік жобалар:

«Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұны** жаңартылып, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғымымен үндеседі. Бағдарлама балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық, заң мен тәртіп құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт берді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрініп, әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтыды. Сынып сағаттары – тәрбие процесінің маңызды формаларының бірі, мектепте бекітілген тақырыптар бойынша жүргізілді. Барлық сынып сағаттары жылға алдын ала жоспарланып, дайындалған.

2024-2025 оқу жылында тәрбие құндылықтарына негізделген ай сайын іс-шаралар өткізіліп отырды.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары және атқарылғын іс-шаралардың қорытынды талдауы мектептің <https://eraibi.edu.kz> / ресми сайтына жүктелген.

Талдау: Тәрбие жұмысының жүйелі жүргізілуі оқушылардың тәртібінің жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Проблемалық мәселелер: Спорттық үйірмелердің материалдық базасын жаңарту қажеттілігі туындады.

Спорттық іс-шаралар санын арттыру, материалдық базаны жаңарту.

Құқықтық тәрбие бағытын одан әрі күшейту (оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тренингтер өткізу).

Тәрбиелік іс-шараларды ата-аналармен бірлесіп ұйымдастыруды кеңейту.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес жаңартылған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мазмұнына сәйкес келеді.

#### ***4.4. ҰОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру***

**Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында** мемлекеттік міндетті жалпы білім беру стандарттарына сәйкес мектепте вариативті компоненттегі курстар білім алушылардың қызығушылықтары мен таңдаулары негізінде алынып, бағдарламалар әдістемелік бірлестіктердің ұсынысы бойынша педагогикалық кеңесте бекітіліп, сабақ кестесіне енгізілді.

Курстардың оқыту мақсаттары, біріншіден, оқушыларды кәсіби бағдарлау, екіншіден, олардағы қалыптасқан білімдері мен түсініктерін әлемнің біртұтас жүйесінде интеграциялау, үшіншіден, базалық курстар мен қолданбалы курстар арасындағы сабақтастықты орнықтыру болып отыр. Осы мақсаттарға сәйкес курстар келесі талаптарға сәйкес жоспарланған:

- оқушының әлеуметтенуіне және түрлі жағдаяттарға бейімделуіне мүмкіндік туғызуы, жеке білім траекториясын таңдауға, саналы түрде кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беруі;
- оқушыларды теориялық тұрғыдан негізделген оқыту барысында сәйкес практикалық іс-әрекетке тарту;
- базалық және бағдарлы жалпы білім беретін пәндерді қолдауы;
- оқытуды ұйымдастырудың оқушы мен мұғалімнің білімге қажеттілігіне, оқушылардың болашақ кәсіби іс-әрекеттеріне сәйкес әдіс-тәсілдеріне сүйенуі;
- дамытушылық әлеуетінің болуы, әлемнің бір тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беруі.

#### **1-4 сыныптар бойынша таңдау пәндері (вариативті) сағаттары 2023-2025 оқу жылдары**

| Оқу жылы  | Сыныбы             | Саны | Таңдау пәндері                                        | Барлығы |
|-----------|--------------------|------|-------------------------------------------------------|---------|
| 2023-2024 | 1-сыныптар бойынша | 4    | Жазу,оқу және тіл дамыту                              | 4       |
|           | 2-сыныптар бойынша | 6    | 1.Жазу, оқу және тіл дамыту<br>2.Математика негіздері | 6       |
|           | 3-сыныптар бойынша | 3    | Математика негіздері                                  | 3       |
|           | 4-сыныптар бойынша | 2    | Математика негіздері                                  | 2       |
| 2024-2025 | 1-сыныптар бойынша | 3    | Оқу және тіл дамыту                                   | 3       |
|           | 2-сыныптар бойынша | 8    | 1.Оқу және тіл дамыту<br>2.Математика және логика     | 8       |
|           | 3-сыныптар бойынша | 3    | Математика және логика                                | 3       |
|           | 4-сыныптар бойынша | 3    | Математика және логика                                | 3       |
| 2025-2026 | 1-сыныптар бойынша | 3    | Оқу және тіл дамыту                                   | 3       |

|  |                    |   |                                                   |   |
|--|--------------------|---|---------------------------------------------------|---|
|  | 2-сыныптар бойынша | 6 | 1.Оқу және тіл дамыту<br>2.Математика және логика | 6 |
|  | 3-сыныптар бойынша | 3 | Математика және логика                            | 3 |
|  | 4-сыныптар бойынша | 3 | Математика және логика                            | 3 |

2023-2026 оқу жылдарында 1-4 сыныптар бойынша тандау пәндері құрылған кестеге сәйкес уақытында жүргізілді. Пән мұғалімдері оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, оқушылардың білім-білік деңгейлерін, танымдық қабілеттерін арттырып, зейінін, есте сақтау процестерін дамытуда.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген жалпыға міндетті стандарттарының және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларының» талаптарына сәйкес келеді.

Бағаланатын кезеңдегі вариативті компоненттің оқу бағдарламасы және бекітілген сабақ кестесі <https://eraibi.edu.kz/> ресми сайтына жүктелген.

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының жүргізілуі**

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын игеру;

2023-2024 оқу жылынан бастап бүгінгі күнге дейін «ӨҚН» курсының мазмұны 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде кіріктіріліп өткізілген.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес мектеп өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

ӨҚН оқушыларға оқыту мазмұнының практикалық бағыттылығын күшейту үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімдер жеке тұлғаға бағытталған, белсенділік және құзыреттілік тәсілдерін жүзеге асырады. Сабақтарда мұғалімдер оқушылардың жеке қасиеттерін көрсетуге және дамытуға жағдай жасайды, олардың мүдделерін, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескереді.

**Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы** – жаратылыстану ғылымындағы білімін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттері. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 2-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында жүзеге асырылады; 2-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді.

**ӨҚН тақырыптары 1-4 сыныптар бойынша дүниетанудан мынадай тақырыптарға кіріктіріліп өткізілуде:**

**1-сынып**

| № | Тақырыбы                                                    | Сағат саны |
|---|-------------------------------------------------------------|------------|
|   | 1-бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау» |            |

|   |                                              |   |
|---|----------------------------------------------|---|
|   | 1.1 Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы        |   |
| 1 | Қауіпсіздік.Адамдар саяхатқа не үшін шығады? | 1 |
| 2 | Көше кездейсоқ жағдайларға толы              | 1 |
| 3 | Судағы қауіпсіздік                           | 1 |
| 4 | Ғимараттағы қауіпсіздік                      | 1 |
| 5 | Практикалық сабақ                            | 1 |

## 2-сынып

| № | Тақырыбы                                                                                             | Сағат саны |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
|   | 1-бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау»<br>1.1 Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы |            |
| 1 | Қоршаған орта және заманауи тұрғын үй                                                                | 1          |
| 2 | Өрт адамның досы және дұшпаны                                                                        | 1          |
| 3 | Табиғат                                                                                              | 1          |
| 4 | Су қоймасы                                                                                           | 1          |
| 5 | Оқушылар тәртібінің көшедегі және жолдағы негізгі ережесі                                            | 1          |
| 6 | Қауіпсіздік бойынша практикалық сабақтар                                                             | 1          |

## 3-сынып

| № | Тақырыбы                                                                                             | Сағат саны |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
|   | 1-бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау»<br>1.1 Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы |            |
| 1 | Жер бетіндегі климат неге тәуелді?                                                                   | 1          |
| 2 | Менің табиғи ортадағы қауіпсіздігім                                                                  | 1          |
| 3 | Спорт-денсаулық кепілі!                                                                              | 1          |
| 4 | Менің қауіпсіздігім                                                                                  | 1          |
| 5 | Туристің қайда саяхаттағаны дұрыс?                                                                   | 1          |
| 6 | Табиғат және менің қауіпсіздігім                                                                     | 1          |

## 4-сынып

| № | Тақырыбы                                                                                                                                        | Сағат саны |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
|   | 1-бөлім «Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік және адамды қорғау»<br>1.1 Қауіпсіз оқушы тәртібінің жағдайы                                            |            |
| 1 | Тұрмыстық жарақатты болдырмау жолдарын секерту                                                                                                  | 1          |
| 2 | Судағы қауіпсіздік                                                                                                                              | 1          |
| 3 | Жаяу жүргіншінің қауіпсіздігі                                                                                                                   | 1          |
| 4 | Сіз жолда жүру ережесін білесіз бе?                                                                                                             | 1          |
| 5 | Практикалық сабақ                                                                                                                               | 2          |
|   | 2-бөлім «Бала денсаулығын сақтау және медицина білімінің негіздері»<br>2.1. Алғашқы медициналық көмек беру ережесі медицина білімінің негіздері |            |
| 6 | Практикалық сабақ                                                                                                                               | 2          |
|   | 2.2. Салауатты өмір салты негіздері                                                                                                             |            |
| 7 | Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек                                                       | 1          |
| 8 | Кіші мектеп жасындағы балалардағы сынықтың негізгі түрлері және алғашқы медициналық көмек                                                       | 1          |

|    |                                                  |   |
|----|--------------------------------------------------|---|
| 9  | Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік | 1 |
| 10 | Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы түсінік | 1 |

Аталмыш тақырыптар аясында бастауыш сыныптар арасында көптеген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жүргізіліп тұрады. Мысалы " Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік " тақырыптары бойынша бастауыш сынып мұғалімдері апталық өткізді. Сабақтарда оқушылар ұқыптылық пен сақтық сияқты тұлғалық қасиеттерді көрсетті.

Мұғалімдер сабақта әр түрлі қызмет түрлері мен тәсілдерін қолданды: ситуациялық есептерді шешуде іс-әрекеттердің жоспары мен реттілігін құру, өз қызметінің нәтижелерін бағалау, жағдайларды модельдеу, ақпаратты талдау, тренингтер, бақылаулар, семинарлар, сурет салу, бояу, тақырыптық ойын жаттығуларын орындау, өзіндік жұмыстар, шығармашылық жұмыстар.

«Жол ережесін білесің бе?» 1-4 сыныптарда сахналық қойылымдар өтті.

Сабақ мазмұнын таңдау кезінде мұғалімдер практика үшін маңыздылығын ескере отырып, теориялық ақпаратты барынша азайтты, оқушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейін ескере отырып, оқу жүктемесін қамтамасыз етті. Сабақ барысында оқушылар әртүрлі қауіпті жағдайлардағы мәселелерді шешу үшін ересектермен өзара әрекеттесу қажеттілігін түсінді, қауіп туындаған кезде тұрғын үйден өз бетінше эвакуация жасау, қауіп туралы хабарлау үшін телефонды дұрыс пайдалану, қызметтерді шақыру тәсілдерін білу қабілеттерін көрсетті. Мұғалімдер сабақта келесі қызмет түрлері мен тәсілдерін қолданды: ауызша сөйлеу, диалог, ситуациялық есептерді қарау, талдау және шешу (мультимедиялық презентацияны қолдана отырып), тақырыптық ойын жаттығуларын орындау. 3-«Б» сыныпта Жас маман Рахматулла Фариза " Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік " тақырыбы бойынша өтті.

Сабақта оқушылардың оқу іс-әрекетінің жеке нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасалды. Оқушылар ақпаратты пайдалана білу қабілеттерін көрсетті (алу, өңдеу, сақтау және беру), Белсенді диалогқа кірісті, өз көзқарастарын білдірді және басқалардың көзқарасын тыңдай білді, ұжымда өзара іс-қимыл және ынтымақтастық көрсетті Мұғалім материалды меңгерудің барлық арналарын қолдануға тырысады: мұғалімді, сыныптастарды тыңдау; оқулықтың ақпаратын, үлестірмелі материалдарды оқу; көрсетілімдерді, демонстрацияларды, кестелерді бақылау; жалпылау барысында материалды жаңғырту, сөйлеу процесінде білімді тексеру, кестелер мен схемаларды жазбаша толтыру; практикалық жұмыстарды (іс-әрекеттерді) орындау. Мұғалім оқушылардың жұмысын жеке, жұпта, топта ұйымдастырады.

Мұғалімдер сабақтарда оқушылардың өмір қауіпсіздігі саласындағы негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырады, сабақтарда белсенді көзқарасты жүзеге асыруға, Денсаулық сақтау құзыреттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Сабақта көрнекі материалдарды қолдануға көп көңіл бөлінеді.

Жол қозғалысы ережелері бойынша мектеп аумағында арнайы жабдықталған алаңның мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланылды;

- ақпараттық, құзыреттілікті қалыптастыруға (БАҚ арналары арқылы таратылатын ақпаратты саналы түрде қабылдау), жеке өзін-өзі жетілдіру құзыретіне көңіл бөлінді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім

берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 2-қосымша 25- тармағы талаптарына сәйкес келеді.

### **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру туралы**

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес орта мектепте «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып жүзеге асырды.

Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабағы жалпы мектептің бастауыш сыныптары мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен іске асырылды.

#### **1-4-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

##### **1-сынып**

| <b>№<br/>р/с</b> | <b>Айлар</b>    | <b>Тақырыптың атауы</b>                                   | <b>Сағат<br/>саны</b> |
|------------------|-----------------|-----------------------------------------------------------|-----------------------|
| 1.               | қыркүйек        | Көше күтпеген оқиғаларға толы.                            | 1                     |
| 2.               | қазан           | Жаяу жүргінші өтпелері.                                   | 1                     |
| 3.               | желтоқсан       | Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.                     | 1                     |
| 4.               | наурыз          | Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.             | 1                     |
| 5.               | сәуір           | Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды. | 1                     |
| 6.               | мамыр           | Қорытынды сабақ.                                          | 1                     |
|                  | <b>Барлығы:</b> |                                                           | <b>6</b>              |

#### **1.Көше күтпеген жағдайларға толы.**

Біз тұратын қала, кент. Мектеп орналасқан шағын аудандағы негізгі көшелер.

Көшеде неліктен қауіпті. Жол қозғалысы ережелерін неліктен білуге және орындауға тиіспіз.

Көше элементтері: жүргін бөлік, тротуар. Жаяу жүргіншілер қоршаулары. Көшедегі қауіпсіздік. Тротуарда қалай дұрыс жүру, жүргін бөлікті қалай дұрыс кесіп жүріп өту керек.

Мектепке және үйге неғұрлым қауіпсіз жол. Нақты бағдарды талдау.

Бірі екіншісіне көмектеседі (көшені өзің кесіп жүріп өте алмасаң – ересек адамнан көмек сұра).

Көшедегі тәртіп – қауіпсіз қозғалыс кепілі. Мұқият және абай бол!

#### **2.Жүргіншілер өтпелері.**

Жолды қай жерде кесіп жүріп өтуге болады.

Реттелмейтін жүргінші өтпесі, оның белгілері (жол белгілері, жолға салынған таңбалар).

Екі жақты қозғалыс жолы. Егер жүргін бөлікті кесіп жүріп өтуге үлгермесең не істеу керек. Жүргін бөліктің ортасында тұрған жүргіншінің өзін-өзі ұстауы.

Бір жақты қозғалыс жолы. Қозғалысы бір жақты жолды кесіп жүріп өту ережелері.

### **3.Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам.**

Бағдаршам не үшін қажет?

Бағдаршам белгілері: қызыл, сары, жасыл. 3-секциялы бағдаршам қалай жұмыс істейді.

Бағдаршамы бар көше қиылысында жолды қалай кесіп жүріп өту керек.

Жүргінші бағдаршамы және оның белгілері. Дыбыстағыш қондырғысы бар жүргінші бағдаршамы.

### **4.Автобуста және троллейбуста жүру.**

Қандай көлік құралдарын бағдарлық де атайды?

Қала бағдарлық көлігі: автобустар, троллейбустар, трамвайлар, бағдарлық таксилер.

Автобустың және троллейбустың аялдамасы, олардың белгіленулері. Аялдамаға қалай дұрыс өтуге болады. Аялдамада өзін-өзі ұстау ережелері.

Автобус және троллейбус жолаушыларына арналған көлікке кірер кездегі, салон ішіндегі және шығар кездегі ережелер.

Автобуста немесе троллейбустан түскен кезде жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

### **5.Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.**

Жолдың жүргін бөлігінің жанында, жол жұмыстары жүріп жатқан жерлерде, көлікте ойнаудың қауіптілігі.

Ойнауға және өздігінен жүретін құралдарда жүруге жәнет.б.арналғанжерлер.

Егер доп жолдың жүргін бөлігіне домалап кетсе не істеу керек.

### **6. Қорытынды сабақ.**

ЖҚЕ туралы диафильмдер, бейнефильмдер, слайдтар көру.

Қорытынды шығару (тестілеу)

## **2-сынып**

| <b>№<br/>р/с</b> | <b>Айлар</b>    | <b>Тақырыптың атауы</b>                                    | <b>Сағат<br/>саны</b> |
|------------------|-----------------|------------------------------------------------------------|-----------------------|
| 1.               | қыркүйек        | Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері. | 1                     |
| 2.               | қазан           | Реттелмейтін көше қиылыстары.                              | 1                     |
| 3.               | желтоқсан       | Реттеуші және оның белгілері.                              | 1                     |
| 4.               | наурыз          | Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.  | 1                     |
| 5.               | сәуір           | Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытын.)                   | 1                     |
| 6.               | мамыр           | Қорытынды сабақ.                                           | 1                     |
|                  | <b>Барлығы:</b> |                                                            | <b>6</b>              |

### **1.Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.**

Көшеде нелікте қауіпті. Үлкен қала көшелеріндегі қозғалыстың қиындығы.

Жол қозғалысы ережелерін сақтау – жүргіншілер қауіпсіздігінің кепілі.

Көшелер мен жолдарда өзін-өзі қауіпсіз ұстау ережелерін қайталау.

Қалада (кентте, ауданда) балалар мен болатын жол-көлік оқиғаларының жол полициясының мәліметтері бойынша мысалдары.

## **2.Реттелмейтін көше қиылыстары.**

Көше қиылыстарының түрлері.

Жүргізушілер беретін сақтандыру белгілері.

Реттелмейтін көше қиылысы. Реттелмейтін көше қиылысындағы жүргінші өтпелерінің белгіленуі. Реттелмейтін көше қиылыстарынан жүріп өту ережелері. Егер жүргінші өтпесі белгіленбеген болса, жолдың үстін қай жерде қалай кесіп жүріп өтуге болады.

## **3.Реттеуші және оның белгілері.**

Реттеушіге алатаяқ пен ысқырық неге қажет?

Реттеушінің белгілері. Жүргіншілердің осы белгілер бойынша іс-әрекеттері.

Реттеуші белгілерінің бағдаршам белгілерінен артықшылықтары.

## **4.Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру.**

Трамвай жолаушыларына арналған аялдамаларда тұрған, кіру кезіндегі, вагон ішіндегі және одан түскен кездегі ережелер.

Жүргін бөлікті аялдамаға жақын қозғалыс кезінде және трамвайдан түскен кезде кесіп жүріп өту ережелері.

Бағдарлық таксиді және жеңіл автомобильді пайдалану ережелері.

## **5. Мектепке жол. (Сенің күнделікті бағдарың).**

Мектеп шағын ауданы. Мектеп шағын ауданындағы көлік.

Мектеп шағын ауданындағы неғұрлым қауіпті жол қиылыстары.

Мектеп оқушысының жол бағдарында 1-ші сыныпқа қарағанда не өзгерді. Мектеп, үй, кинотеатр, дүкен және т.с.с. жолындағы қауіпсіз жолдарды талдау.

## **6. Қорытынды сабақ.**

Ойындар, викториналар және т.с.с өткізу. Жол қозғалысы ережелері.

Қорытынды шығару (тестілеу).

3-сынып

| №<br>р/с | Айлар           | Тақырыптың атауы                                           | Сағатсаны |
|----------|-----------------|------------------------------------------------------------|-----------|
| 1.       | қыркүйек        | Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері. | 1         |
| 2.       | қазан           | Қай жерден кесіп жүріп өтуге болады.                       | 1         |
| 3.       | желтоқсан       | Жол жүру белгілері және жолға салынған таңбалары.          | 1         |
| 4.       | наурыз          | Жарақаттанғанда алғашқы медициналық көмек.                 | 1         |
| 5.       | сәуір           | Сен – велосипедшісің.                                      | 1         |
| 6.       | мамыр           | Қорытынды сабақ.                                           | 1         |
|          | <b>Барлығы:</b> |                                                            | <b>6</b>  |

## **1.Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.**

Жолдағы тәртіп. Жүргіншілердің тротуармен жүрген кездегі міндеттері. Жүргіншіге тротуарда тап болуы мүмкін қауіп.

Өзіңді көшеде және достарыңмен, ағаңмен, апаңмен, қарт кісілермен жүргін бөлікті кесіп жүріп өту кезінде қалай дұрыс ұстау керек.

Жүргіншілер мен көлік құралдарының оң жақты қозғалысы.

Көше қиылыстары және олардың түрлері.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, тротуар туралы әңгіме; олардың мақсаты.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, жол жиегі, кювет туралы әңгіме.

Жүргіншілер мен велосипедшілердің жолы.

«Үй – мектеп – үй» бағдарын жасап, осы бағдардағы жүргінші үшін барлық қауіпті жерлерді көрсету.

## **2. Қай жерден кесіп жүріп өтуге болады.**

Көзге шалынатын аймақта жүргінші өтпесі немесе көше қиылысы болмаған кезде жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

Мұндай кесіп жүріп өту кезінде туындайтын қауіпті жағдайлар.

Жүргін бөлігін мұндай кесіп жүріп өту кезінде балалармен болған жол-көлік оқиғалары мысалдары (жол полициясы материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

## **3. Жол жүру белгілері және жолға салынған таңбалар.**

Жол белгілерінің жүргіншілер мен жүргізушілер үшін мәні.

Жол белгілері: «Велосипед жолы», «Велосипедпен жүруге тыйым салынған», Табличкалар.

Жолға салынған таңбалар, оның мақсаттары мен түрлері.

## **4. Жарақаттанғанда алғашқы медициналық көмек.**

Жарақат түрлері: сынықтар, ауыртып алулар, жаралар, жаралап алулар, күйіктер және т.с.с. Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық.

## **5. Сен – велосипедшісің.**

Велосипедте велофигуралар элементімен ойындар және жарыстар.

## **6. Қорытынды сабақ.**

Жол қозғалысы ережелері бойынша ойын-жарыс.

Қорытындысын шығару. Үздік оқушыларды марапаттау.

### **4-сынып**

| <b>№<br/>р/с</b> | <b>Айлар</b>    | <b>Тақырыптың атауы</b>                                                                 | <b>Сағатсаны</b> |
|------------------|-----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| 1.               | қыркүйек        | Біз жол қозғалысы ережелерін білеміз бе?                                                | 1                |
| 2.               | қазан           | Оқушылар топтарының колоннадағы қозғалысы.                                              | 1                |
| 3.               | желтоқсан       | Жолжағдайларын макетте (пішімде) талқылау.<br>Арнайы автоалаңдағы практикалық сабақтар. | 1                |
| 4.               | наурыз          | Темір жол өтпелері.                                                                     | 1                |
| 5.               | сәуір           | Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағылану.     | 1                |
| 6.               | мамыр           | Қорытынды сабақ.                                                                        | 1                |
|                  | <b>Барлығы:</b> |                                                                                         | <b>6</b>         |

## **1. Біз жол қозғалысы ережелерін білеміз бе?**

Балалармен жол-көлік оқиғаларының себептері: жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін сақтамауы, жолаушылардың көлікте өзін-өздері ұстау ережелерін сақтамауы, көшеде және көлікте және т.б. тәртіпсіздік.

Жол қозғалысы ережелерін бұзған балалардың әрекеттерін талқылау.

## **2. Оқушылар топтарының колоннадағы қозғалысы.**

Оқушылар топтарының тротуарда, жол жиегінде, жүргінші өтпесінде қозғалысының тәртібі.

Оқушылардың колоннамен қозғалысының тәртібі.

Оқушылар топтарын жалпылама пайдаланылымдағы көлікке отырғызу тәртібі.

## **3. Жол жағдайларын макетте талқылау.**

**Арнайы автоаандағы практикалық сабақ.**

Макетте балалар тап болатын жол жағдайлары қаралады.

Нақтысына ұқсатылған көшелерде әртүрлі жол белгілері, жүргіншілер бейнелері мен ойыншық машиналар қойылады.

Оқушылардың тротуармен және жүргінші өтпелерімен қозғалысы.

Реттеушінің белгілері.

## **4. Теміржол өтпелері.**

Мектеп оқушыларының теміржол маңында өзін-өздері ұстауы.

Олардан жаяу және көлікпен кесіп жүріп өту ережелері.

Күзетілетін және күзетілмейтін теміржол өтпелері.

Поездарды (электropоездарды) пайдалану кезіндегі шарттар.

## **5. Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.**

Бас, көкірек қуысы, шынтақ, тізе, аяқ-табан немесе білек-қар буындары жарақаттанғанда орап-таңу түрлері және техникасы.

## **6. Қорытынды сабақ.**

Қорытынды шығару (тестілеу)

### ***Мектепшілік бақылау мен басшылық бойынша атқарылған жұмыстар.***

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес білім берудің төменгі сапасын көрсететін сыныптармен жұмыс тиісті деңгейде ұйымдастырылған. Білім олқылықтарымен жұмыс жүргізу жоспарына сәйкес білім сапасы төмен сыныптар бақылауға алынды.

2024-2025 оқу жылындағы мектепшілік бақылау мен басшылық жоспарына сәйкес 2-4 сынып оқушыларынан алғашқы білім кесінділерін алу жоспарланды. Жалпы 2-4 сыныптарда 166 оқушы бар, 2-сыныптарда 58, 3-сыныптарда 61, 4-сыныптарда 47 оқушы білім алады.

### **Қазақ тілінен жыл басындағы жазған кіріс бақылау жұмысының сараптамасы**

**2 – сыныптар бойынша**

| Сынып | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны | 5 | 4 | 3 | 2 | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|-------|-----------------------|------------|---------|---|---|---|---|--------------|----------------|
| 2 «А» | С.Турганбаева         | 14         | 13      | 3 | 4 | 4 | 2 | 53,8%        | 84,6%          |

|                |                |           |           |           |           |           |          |              |              |
|----------------|----------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|--------------|--------------|
| 2 «Ә»          | П.Мусақұлова   | 17        | 15        | 4         | 5         | 4         | 2        | 60,0%        | 86,6%        |
| 2 «Б»          | Қ.Дәуренбекова | 13        | 11        | 6         | 2         | 2         | 1        | 72,7%        | 90,9%        |
| 2 «В»          | Г.Әбілда       | 14        | 12        | 2         | 5         | 3         | 2        | 58,3%        | 83,3%        |
| <b>Барлығы</b> |                | <b>58</b> | <b>51</b> | <b>15</b> | <b>16</b> | <b>13</b> | <b>7</b> | <b>60,7%</b> | <b>86,2%</b> |

2 – сыныптар бойынша 58 оқушы бар. Жазғаны 51 оқушы.  
Ең жоғарғы білім сапасы 72,7 % көрсеткен 2 «б» сыныбы болса, ең төменгі білім сапасы 53,8% болды.

#### 3 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5         | 4         | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 3 «А»          | Ж.Айтенова            | 21         | 21        | 13        | 2         | 4         | 2        | 71,4%        | 90,4%          |
| 3 «Ә»          | Р.Азимова             | 19         | 18        | 10        | 5         | 3         | -        | 83,3%        | 100%           |
| 3 «Б»          | М.Айтбева             | 21         | 20        | 12        | 5         | 3         | -        | 85,0%        | 100%           |
| <b>Барлығы</b> |                       | <b>61</b>  | <b>59</b> | <b>35</b> | <b>12</b> | <b>10</b> | <b>2</b> | <b>79,6%</b> | <b>96,6%</b>   |

3 – сыныптар бойынша 61 оқушы бар. Жазғаны 59 оқушы  
Ең жоғарғы білім сапасы 85,0% көрсеткен 3 «Б» сыныбы болса, ең төменгі білім сапасы 71,1% болды.

#### 4 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5         | 4        | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|-----------|----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 4 «А»          | Н.Кембай              | 17         | 15        | 7         | 1        | 5         | 2        | 53,3%        | 86,6%          |
| 4 «Ә»          | Г.Шорабекова          | 15         | 14        | 7         | 3        | 3         | 1        | 71,4%        | 92,8%          |
| 4 «Б»          | Г.Алтынбекова         | 15         | 14        | 6         | 4        | 3         | 1        | 71,4%        | 92,8%          |
| <b>Барлығы</b> |                       | <b>47</b>  | <b>43</b> | <b>20</b> | <b>8</b> | <b>11</b> | <b>4</b> | <b>65,1%</b> | <b>90,6%</b>   |

4 – сыныптар бойынша 47 оқушы бар. Жазғаны 43 оқушы  
Ең жоғарғы білім сапасы 71,4% көрсеткен 4 «Ә» және 4 «Б» сыныптары , ең төменгі білім сапасы 53,3% болды.

### Математика пәнінен жыл басындағы жазған кіріс бақылау жұмысының сараптамасы

#### 2 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5         | 4         | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 2 «А»          | С.Турганбаева         | 14         | 12        | 1         | 6         | 3         | 2        | 58,3%        | 83,3%          |
| 2 «Ә»          | П.Мусақұлова          | 17         | 16        | 7         | 4         | 4         | 1        | 68,7%        | 93,7%          |
| 2 «Б»          | Қ.Дәуренбекова        | 13         | 13        | 3         | 6         | 2         | 2        | 69,2%        | 84,6%          |
| 2 «В»          | Г.Әбілда              | 14         | 14        | 4         | 4         | 4         | 2        | 57,1%        | 85,7%          |
| <b>Барлығы</b> |                       | <b>58</b>  | <b>55</b> | <b>15</b> | <b>20</b> | <b>13</b> | <b>7</b> | <b>63,6%</b> | <b>87,2%</b>   |

2 – сыныптар бойынша 58 оқушы бар. Жазғаны 55 оқушы.

Ең жоғарғы білім сапасы 69,2 % көрсеткен 2 «б» сыныбы болса, ең төменгі білім сапасы 58,3% болды.

### 3 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5         | 4         | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 3 «А»          | Ж.Айтенова            | 21         | 19        | 6         | 7         | 5         | 1        | 68,4%        | 94,7%          |
| 3 «Ә»          | Р.Азимова             | 19         | 19        | 3         | 12        | 3         | 1        | 78,9%        | 94,7%          |
| 3 «Б»          | М.Айтбева             | 21         | 20        | 5         | 9         | 6         | -        | 70,0%        | 100%           |
| <b>Барлығы</b> |                       | <b>61</b>  | <b>58</b> | <b>14</b> | <b>28</b> | <b>14</b> | <b>2</b> | <b>72,4%</b> | <b>96,5%</b>   |

3 – сыныптар бойынша 61 оқушы бар. Жазғаны 58 оқушы.

Ең жоғарғы білім сапасы 78,9% көрсеткен 3 «Ә» сыныбы болса, ең төменгі білім сапасы 68,4% болды.

### 4 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5        | 4         | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|----------|-----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 4 «А»          | Н.Кембай              | 17         | 15        | 3        | 4         | 6         | 2        | 46,6%        | 86,6%          |
| 4 «Ә»          | Г.Шорабекова          | 15         | 13        | 2        | 4         | 5         | 2        | 46,1%        | 84,6%          |
| 4 «Б»          | Г.Алтынбекова         | 15         | 14        | -        | 7         | 5         | 2        | 50,0%        | 85,7%          |
| <b>Барлығы</b> |                       | <b>47</b>  | <b>42</b> | <b>5</b> | <b>15</b> | <b>16</b> | <b>6</b> | <b>47,7%</b> | <b>85,7%</b>   |

4 – сыныптар бойынша 47 оқушы бар. Жазғаны 42 оқушы.

Ең жоғарғы білім сапасы 50,0% көрсеткен 4 «Б» сыныптары, ең төменгі білім сапасы 46,6% болды.

2025-2026 оқу жылындағы мектепшілік бақылау мен басшылық жоспарына сәйкес 2-4 сынып оқушыларынан білім кесінділерін алу жоспарланды. Жалпы 2-4 сыныптарда 153 оқушы бар, 2-сыныптарда 54, 3-сыныптарда 47, 4- сыныптарда 52 оқушы білім алады.

## Математика пәнінен жыл басындағы жазған кіріс бақылау жұмысының сараптамасы

### 2 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5         | 4         | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 2 «А»          | Н.Тілләбек            | 18         | 16        | 5         | 7         | 4         | -        | 75%          | 100%           |
| 2 «Ә»          | Ф.Рахматулла          | 19         | 16        | 3         | 6         | 5         | 2        | 56,2%        | 87%            |
| 2 «Б»          | А.Теміртай            | 17         | 13        | 3         | 3         | 4         | 3        | 46,1%        | 76,9%          |
| <b>Барлығы</b> |                       | <b>54</b>  | <b>45</b> | <b>11</b> | <b>16</b> | <b>13</b> | <b>5</b> | <b>60%</b>   | <b>88,8%</b>   |

2 – сыныптар бойынша 54 оқушы бар. Жазғаны 45 оқушы.

Ең жоғарғы білім сапасы 75,0 % көрсеткен 2 «а» сыныбы болса, ең төменгі білім сапасын көрсеткен 46,1% 2 «б» сынып болды.

### 3 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5         | 4         | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 3 «А»          | Ж.Исакова             | 16         | 15        | 1         | 6         | 7         | 1        | 46,6%        | 93,3%          |
| 3 «Ә»          | П.Мусакулова          | 16         | 16        | 6         | 5         | 4         | 1        | 68,7%        | 93,0%          |
| 3 «Б»          | Қ.Дәуренбекова        | 15         | 15        | 6         | 4         | 4         | 1        | 66,6%        | 93%            |
| <b>Барлығы</b> |                       | <b>47</b>  | <b>46</b> | <b>13</b> | <b>16</b> | <b>15</b> | <b>3</b> | <b>63%</b>   | <b>93,4%</b>   |

3 – сыныптар бойынша 47 оқушы бар. Жазғаны 46 оқушы.

Ең жоғарғы білім сапасы 68,7% көрсеткен 3 «Ә» сыныбы болса, ең төменгі білім сапасын көрсеткен 68,4% 3 «а» сынып болды.

### 4 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5         | 4         | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 4 «А»          | Г.Полатова            | 15         | 15        | 3         | 5         | 5         | 2        | 53,3%        | 86,6%          |
| 4 «Ә»          | Р.Азимова             | 17         | 17        | 5         | 5         | 7         | -        | 46,1%        | 84,6%          |
| 4 «Б»          | М.Айтбаева            | 20         | 20        | 3         | 12        | 5         | -        | 75%          | 100%           |
| <b>Барлығы</b> |                       | <b>52</b>  | <b>52</b> | <b>11</b> | <b>22</b> | <b>17</b> | <b>2</b> | <b>63,4%</b> | <b>96,1%</b>   |

4 – сыныптар бойынша 52 оқушы бар. Жазғаны 52 оқушы.

Ең жоғарғы білім сапасы 75 % көрсеткен 4 «Б» сыныптары, ең төменгі білім сапасын көрсеткен 53,3% 4 «а» сынып болды.

## Қазақ тілі пәнінен жыл басындағы жазған кіріс бақылау жұмысының сараптамасы

### 2 – сыныптар бойынша

| Сынып          | Мұғалімнің аты – жөні | Оқушы саны | Жазғаны   | 5         | 4         | 3         | 2        | Білім сапасы | Үлгерім сапасы |
|----------------|-----------------------|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|----------|--------------|----------------|
| 2 «А»          | Н.Тілләбек            | 18         | 17        | 9         | 5         | 2         | 1        | 77%          | 94%            |
| 2 «Ә»          | Ф.Рахматулла          | 19         | 16        | 3         | 6         | 4         | 3        | 56,2%        | 81%            |
